

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

авторды өз материалын баспаға беруге сендіру және оны кең аудиторияға ұнайтын кітапқа айналдыру.

Менеджердің негізгі міндеттері – жаңа авторлар мен идеяларды табу, оларды талдау және бағалау, баспадан үздіктерді таңдау, авторлармен келісім-шарттар жасау, қолжазбаларды жариялауға дайындау, қаржылық жоспарлау және бақылау, дайын кітапты сату және насихаттау, сатуды ұйымдастыру және тарату.

Қазіргі менеджер тек әдебиет саласында ғана емес, экономика, Маркетинг, Құқықтану, Ақпараттық технологиялар саласында да кең көзқарасқа ие болуы керек. Менеджердің маңызды қасиеттері-ұйымдастырушылық қабілет, қарым-қатынас, топта жұмыс істеу қабілеті, аналитикалық және шығармашылық ойлау.

Осылайша, Баспа ісіндегі менеджер кітап нарығын қалыптастыруда, мәдениет пен білім беруді дамытуда шешуші рөл атқарады. Оның жұмысы авторларға кітап нарығында өз орнын табуға көмектесіп қана қоймай, оқырмандарға сапалы әдебиеттерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Менеджердің Баспа ісіндегі рөлі тез цифрландыру және бәсекелестіктің күшеюі жағдайында өзгеріссіз қалады, бұл осы нарықта білікті мамандардың қажеттілігін көрсетеді. Ендеше, баспа менеджері болу оңай емес, бірақ олардың ой-өрісі кең, күрделі мәселелердің шығармашылық шешімін таба білуді талап ететін қызықты жұмыс екені сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Рикки У. Гриффин. Менеджмент.- South-Western College Pub, 2016.-704 б.
2. [Мамандықтың бәрі жақсы \(massaget.kz\)](http://massaget.kz)
3. <https://forbes.kz/> Топ менеджеры Қазақстана-2022
4. Менеджмент, оқу құралы / Б.Қ. Умбеталиева. - Алматы : Жеті жарғы, 2018. – 279 б.

Подсекция 13.4. Связь с общественностью

ӘОЖ 070 (574.22)

АСТАНА АТАУЫНЫҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ: ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ АУМАҚТЫҚ БРЕНД РЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Егізбай Айданай Махмудқызы

e_aidanay@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Қоғаммен байланыс» мамандығының 1- курс магистранты
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С.М. Дүйсенғазы

Кез-келген брендті қалыптастырушы маңызды факторлардың бірі – оның атауы. Брендке атау беру PR-да нейминг деп аталады. Нейминг (ағыл. атау беру) – бұл брендтің мәнінің қысқаша және дәл көрінісі, яғни бір немесе ең көбі екі сөзбен көрсетілген позиция [1].

Астана – Қазақстанның халықаралық имиджіне әсер етуші басты бренд. Бір кездері шағын ғана қалашық болған Ақмола, қазір көз ілеспес қарқынмен дамып жатқан Астана – әлемдік бренд. Астана атауы – «Астана» брендін позициялаудың ажырамас бөлігі. Қазіргі таңда Астананың аумақтық бренд ретіндегі атауы халықаралық қоғамдастық тарапынан мойындалды.

Әлемдік тәжірибеде тарихи оқиғалардың ықпалымен қала атауын өзгерткен жағдайлар кездеседі. Тарих бойынша қазіргі «Астана» қаласының атауы Ақмолинск, Целиноград, Ақмола, Астана, Нұр-Сұлтан және қайтадан Астана болып өзгерген. Осыған байланысты Астана қаласы Гиннестің рекордтар кітабына «атауы ең көп өзгерген астана» ретінде енген.

1998 жылға дейін атауы «астана» деген мағынаны білдіретін бір ғана елорда болды. Ол Оңтүстік Корея мемлекетінің астанасы – Сеул қаласы. Мемлекет елордасы атауының саяси стратегиялық мағынасы да өте маңызды. Әлемдік брендке айналған Астана атауының шығу тарихына тоқталайық.

Батырлар жырларында, ақын-жыраулардың шығармаларында *астана жұрт*, *астана халық* деген тіркестер кездеседі. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «*астана жұрт*» тіркесіне 3 түрлі анықтама берілген. 1) *Ұлы қауым, көп халық, ел-жұрт*. 2) *Хан ордасы, патша сарайындағы және олардың айналасындағы ықпалды әлеуметтік топ*. 3) *Ханның, ел билеушісінің қол астындағы өз жұрты* [2].

Р. Сыздықтың «Сөздер сөйлейді (сөздерді қолдану тарихынан)» еңбегінде «*астана жұрт*» тіркесінің қолданылу тарихы жөнінде талданып жазылған. «1878 жылғы А. Старчевский құрастырған екі тілдік сөздікте, 1897 жылы Орынборда шыққан «Қазақша-орысша сөздікте» *астана жұрт*, *астана халық* дегендерді «*көп, сансыз көп халық*» деп аударылған. Л. Будагов бұл сөз түркі тілдеріне парсының *астан*, *астана* (табалдырық, есік, сарай) деген сөзінен ауысқандығын айтқан. Қазақ тілінде *астана жұрт* тіркесі бар екенін көрсетіп, бұл тіркесті «*сансыз көп, зор халық*» деп аударды.

Өткен ғасырларда қолданыста болған астана жұрт тіркесін В. Радлов орысша «*придворный штат*» деп аударған, яғни «*сарай қызметіндегі адамдар*» деген мәнді білдіреді. Р. Сыздықтың болжауы бойынша «*сарайға (хан ордасына) қараған жұрт*» деген мағынада айтылған болуы керек. Сонымен қатар, В. Радлов бұл тіркестің эзирбайжан тілінде де «*табалдырық, сарай, сарай қызметіндегі адамдар*» деген мағыналары бар екенін көрсетеді.

Қазіргі қазақ тіліндегі астана сөзінің «белгілі бір мемлекеттің, елдің орталық қаласы» деген ұғымы бұл сөздің парсы тіліндегі «*сарай, әміршінің сарайы*» деген мағынасынан алынған болуы керек, яғни «*үкіметтің резиденциясы орналасқан қала*» дегенді білдіреді [3].

Астана атауының кірме сөз екенін негізге ала отырып елорданың Астана аталуына қарсылығын білдіретіндер бар. Бұны елорданың сөзбен таңбаланған ұғымның лексикалық тұлғасы мен саяси-рухани семантикалық мәнінен ұлттың болмыс-баяуы анық аңғарылып тұруы керектігімен негіздейді. Жоғарыда атап көрсеткендей, астана эзирбайжан тілінде табалдырық деген мағынаны білдіретіндіктен, олар «қазақтар табалдырықты – «астананы» бас қаласына айналдырды» деп әзілмен қағытады дейді.

Г. Мамырбекованың «Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігінде парсы тілінен аударғанда 4 түрлі мағынасы бар.

1) Белгілі бір мемлекеттің саяси, мәдени орталығы.

*Жайықтың бойы сарайшық,
Астана келіп тіл алған,
Мекеме болып құралған.*

*Жиырма беске келгенде,
Астананың қамы үшін,
Түн ұйқысын бөлгенде,
Түгесілмес қайғы алды.*

*Аузымнан шыққан сөзімді,
Ханменен бірдей жүргізіп,
Халыққа бірлік кіргізіп,*

Астана жұртты меңгерді («Исатай-Мақамбет». Дастандар, 1960).

2) Босаға.

*Бұлттардың үстін басқан биіктігі, Астана, алтын күмбез салған таңдап
(Әбуғалисина, Әбілхарис». Дастандар, 1990).*

3) Табалдырық.

4) Патша сарайының кіре берісі [4].

Тарих ғылымының кандидаты Б. Алтаев астананың қазақ тілінде *алып қазан* немесе *тайқазан* деген мағынасы бар екенін көрсетеді. Қазіргі таңға дейін Оңтүстік өңірдегі той, астарда тамақ пісіретін өте үлкен қазанды «астана» деп атайды. Тарихта бірлікке, татулыққа шақырған тайқазан – астана. Бұл тайқазанның пайда болу тарихы туралы былай жазылған: «Тарих атасы Геродоттың еңбегінде сақтардың патшасы Арриант бүкіл жауынгерлерінің жез жебелерін жинатып, оны балқытып, үлкен қазан құйып жасағаны айтылады. Даяр болған қазанға құйылған Тәңір судан айнала қоршаған жауынгердерге ішкізген екен. Сөйтіп, рухы түсе бастаған сақ жауынгерлері көсемнің ту астына қайта жиналған», – дейді.

Сонымен қатар Астана сөзін біріккен сөз ретінде қарастырып, былай талдайды: «Астана атауындағы ас – биік, асқар шынды білдірсе, тан/а – тәңір, сондай-ақ түркі халықтарында бурыл тұлпарға мінген батырдың есімі. Бір қызығы, татар халқында бурыл атқа мінген Тана батыр аңыз әңгімесі кездеседі. Түркі ойшылы, ғұлама М. Қашқари сөздігіндегі көктің мағынасы аспан деп беріледі. Олай болса, ас – тәңірдің сыйы, ас – ус бүркіт (М. Қашқари) биікке самғау, тан/а -тәңірі немесе бурыл атқа мінген батыр» [5].

Астананың кірме сөз ретінде «табалдырық» деген мағынасының протүркілік Астана атауына негіз бола алмайтындығына да түсініктеме береді. «Сақтар дүниеден өткен патшасының әруағына арналған «ақырғы зор құрмет» салт-жоралғысын көрген Геродот оны «ас» деп айтыпты. Ас беруде астанаға (тайқазан) жылқының тұтас еті салынады. Геродот еңбегінде сақтар жасаған тайқазанға 300-350 литр шамасында су сиятындығы айтылады. Ас беру үлкен шығынды қажет етеді. Сондықтан да көсемдердің басшылығымен бүкіл ру-тайпа деңгейінде ұйымдастырылып өткізіледі. Олай болса, ас дегеніміз – үлкен жиын, яғни белгілі бір жерде халықтың көп шоғырланған жері екендігін көрсетеді. Астана атауындағы *ас* – тәңірдің сыйы, қолдауы болса, ал *тана* – тәңірі немесе қаған, батыр рухтарының көрінісі болса керек. Көне моңғол тіліндегі «тайқазан» атауындағы *тай* – тәңір сыйы, ұлы деген мағынасында айтылады. Демек Астана, тайқазан атауларының семантикасы бір. Дәстүрлі жоғарғы әлем, ортаңғы әлем, төменгі әлем деген түсінік бар. Жоғарғы әлем - тәңірі, ортаңғы әлем - өмір, тіршілік және төменгі әлем – соңғы сапар. Олай болса төменгі әлемге қатысы бар «табалдырық» ешқашан протүркілік Астана атауына негіз бола алмайды».

Астана атауын ұсынған ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Астана атауы туралы былай жеткізеді: «Астана дегеніміз Астана! Қазақша әдемі естіледі. Қомақты, ауыз толады, қысқа да нұсқа, әуезді. Орысша да, ағылшынша да солай естіледі. Бұл атауда батылдық, мығымдық және айқындық реңк бар. Астана осы сөздің тура мағынасында нағыз астанаға айналды. Жаңа тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының астанасына» [6]. «Астана» бас қаланың ғана емес, бүкіл Қазақстанның брендіне, халықаралық аренада тәуелсіз Қазақстанның символына айнала білген Астана атауының мәні осындай.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://endylab.ru/blog/saymyname?ysclid=1fdev6f9bs562916636//18.03.2023>
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Ғ. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т. б. – Алматы, 2011. – 2-том. А – Б. –744 б.
3. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. –412 б.

4. Г. Мамырбекова. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. 2017. – 658 б.
5. <https://tilalemi.kz/article/885?ysclid=lfwl0hln95520417317//28.03.2023>.
6. Назарбаев Н. Еуразия жүрегінде. – Алматы: Атамұра, 2005. – 192 б.

ӘОЖ 659.3

THE STORY OF ONE SKY: ДИМАШТЫҢ ӘНІНДЕ КӨТЕРІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

Ералықызы Алинұра

alinura.01@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Қоғаммен байланыс» мамандығының 1- курс магистранты
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Дүйсенғазы С.М.

«Музыка туралы тек музыкатанушылар жазсын» деген ереже бар болса, мен ол ережеден кешірім сұраймын [1]!

Адамзаттың тамыры тереңге жайылған тарихында дуальды дүниелердің қақтығысуы үнемі кездеседі. Соның өзектілерінің бірі – соғыс пен бейбітшілік.

Зерттеу нысаны ретінде таңдалған бейнеклип бірнеше бөлімнен тұрады. 12 минутқа созылған бейне қысқаметражды фильм іспеттес. Бірінші бөлімі – балалық шақ. Осындай күндердің бірінде басты кейіпкер суға батып бара жатқанында досы оны құтқарып қалады. Жалпы екі ұл бала мен бір қыздың достығы мен бұлтсыз аспанды балалық шағы көрсетілген. Байқағанымыздай, жастары кіші болса да басты кейіпкер мен оның досының арасындағы бәсекелестік осы кезеңнен басталған-ды. Себебі – екеуі де бір қызды ұнатады [2].

Осы сәтте екі ер баланың дуальдығын байқаймыз. Дуализм дегеніміз – латын тілінен dualis – қосарлану. Яки, екі кереғар дүниенің бір арнада тоғысуы бар. Мәселен, кейіпкерлердің достықтары бір арна болса, олардың жеке өмірі мен психологиялық жай-күйі – екі бөлек әлем. Мұның дәлелі бірінші бөлімнің соңында байқағанымыздай, кейіпкердің досы психологиялық тұрақсыздықты сезеді. Сондай-ақ, сол соққыны балалық шақтан болашаққа, яғни тоталитарлық қоғам мен күрес уақытына өзімен бірге алып жүреді.

Уақыт өте президент атанған антагонист соғыстың идеясын «құтқару» деп береді. Нақтылап айтсақ, «Бейбітшілікті қаласаң, соғысқа дайындал» сынды латын нақыл сөзіндей ұранды ұстанады.

Мәселен, танымал мәдениеттің қазіргі қоғам өміріне әсері, біздің оған деген көзқарасымызға қарамастан, оны асыра бағалау қиын, дегенмен ұзақ уақыт бойы ғылым салаларының біршамасы, оның ішінде қоғаммен байланыс бұл тақырыпты зерттеген жоқ [3].

Бір қызығы, тақырыпқа арқау болған протестанттық теология проблематика мен бұқаралық мәдениетті зерттеуге жол ашты [3].

Президент өз сөзінде жоғарыда атап өткендей, дуальды пікір білдіреді:

«Тек соғыс бізді бейбітшілікке алып келеді. Жүректегі махаббатты тек мықтылар таба алады. Үйлерінің терезесі тең әлемге бостандықты сыйлау үшін мықты болуымыз керек. Жаңа өмірді бастауға кімде-кім дайын болса, біз ертіп жүреміз. Егер бізге қарсы болса, оларға орын жоқ. Мен тәуелсіз болуды таңдаймын. Әлем мен үшін ашық, мен оны сіздерге ашуға дайынмын. Адамдар үшін болған соғыс – бірлікке бастар жол» [2].